

"2013 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Сарысу ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 26 ақпандағы № 63 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Жамбыл облысы Сарысу ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 14 тамыздағы № 279 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 28 тамызда № 1994 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 20 бабына және «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 Қаулысымен бекітілген «Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесіне» сәйкес, жұмыссыздар үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында Сарысу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2013 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» Сарысу ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 26 ақпандағы № 63 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1908 болып тіркелген, 2013 жылғы 10 сәуірдегі № 28 аудандық «Сарысу» газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасындағы «Қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері» бағанасында «18 660» деген сандар «27 990» деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2013 жылдың 1 наурызынан туындайтын қатынастарға т а р а л а д ы .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Аукенов Қайрат Қ о с т а н а й ұ л ы н а жүктелсін.

Аудан әкімі

Қ. Мәдібек

К Е Л І С І Л Д І :

«Жамбыл	облысы	Жаңатас	қаласының
Қорғаныс	істері	жөніндегі	біріктірілген
бөлімі»	мемлекеттік	мекемесінің	бастығы
Е .			А б д и е в

19 тамыз 2013 жыл

«Жамбыл	облысының	Ішкі	істер
Департаменті	Сарысу	ауданының	ішкі
істер бөлімі»	мемлекеттік	мекемесінің	бастығы
Б .		Н ү р к е н о в	
19 тамыз 2013 жыл			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК